

Оқыту тілі

Қазақ

Жасалған күні

15-03-2024

Өтінім беру күні

03-04-2024

Өтінімнің номері

011201-011-24

Тізілімде тіркелеген күні

17-04-2024

Тіркеу номері

011201-011-0025-24

QR код**Өңір**

Ақмола облысы

ТЖКОББ ұйымы

«Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК

Әзірлеуші-серіктес (жұмыс беруші)

"Нұр бала" бөбекжайы" МКҚК

Білім деңгейі

Орта білімнен кейінгі

Даярлық бағыты

011 Білім

Даярлық мамандануы

0112 Мектепке дейінгі мекемелерге тәрбиешілерді даярлау

Мамандық коды және атауы

01120100 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту

Біліктілік(-тер) коды және атауы

5AB01120101 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолданбалы бакалавры

ҰБШ бойынша деңгейі

5

Білім беру бағдарламасының мақсаты

Балалардың мектепке дейінгі ұйымда болуын ұйымдастыру, балалармен ойындар мен ұйымдастырылған іс-әрекетті жобалау және өткізу, олардың қауіпсіздігі мен денсаулық жағдайын бақылау, тәлімгерлікті жүзеге асыру және кәсіби дамудың басымдықтарын айқындау, дамытушы бағдарламаларды әзірлеуді жүзеге асыратын мамандар даярлау.

Кәсіптік стандарт (бар болса)

Педагог. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 15.12.2022 ж. №500 бұйрығы.

WorldSkills кәсіптік стандарты (бар болса)

Жоқ

Оқыту нысаны

Күндізгі

Білім базасы

Жалпы орта

Кредиттердің жалпы көлемі

225

Индустриалдық (жұмыс берушілер) кеңесінің отырысы хаттамасының №, күні

№1, 01.02.2024

Оқу-әдістемелік кеңесі отырысы хаттамасының №, күні

№3, 07.03.2024

Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері

Жоқ

Тәсіл

Модульдік-құзыреттілік

Лицензия

Лицензия 5AB01120101 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолданбалы бакалавры.pdf

Құзыреттер тізімі

№	Құзыреттер индексі	Құзыреттер атауы
1	Қ 1.	Дене қасиеттерін жетілдіруге деген ұмтылысты көрсету, салауатты өмір салтына назар аудару.
2	Қ 2.	Заманауи компьютерлік технологияларды, ақпаратты сандық өңдеу әдістерін қолдану.
3	Қ 3.	Өзін және қоғамдағы өз орнын сезіну, әлеуметтік, саяси, этникалық, конфессиялық және мәдени айырмашылықтарды толерантты қабылдау.
4	Қ 4.	Құқықтық жүйе мен экономиканың негіздерін меңгеру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құбылыстар саласында азаматтық ұстанымды көрсету.
5	Қ 5.	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту жүйесін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер туралы білімді қолдану.
6	Қ 6.	Тәрбие-білім беру процесін жүзеге асырудың педагогикалық, психологиялық негіздерін зерттеу.
7	Қ 7.	Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуының психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін анықтау.
8	Қ 8.	Балалардың зерттеу, танымдық, зияткерлік дағдыларын дамытудың теориялық және практикалық негіздерін меңгеру.
9	Қ 9.	Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың заманауи әдістемелерін, жаңа тәсілдерін, тиімді нысандары мен әдістерін қолдану.
10	Қ 10.	Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшелігіне сәйкес қауіпсіз пәндік-кеңістіктік даму ортасын құру, тиімді пайдалану.
11	Қ 11.	Жас ерекшеліктеріне сәйкес балалар қызметінің негізгі түрлерін басқару.
12	Қ 12.	Тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізе алу іскерліктерін қалыптастыру.
13	Қ 13.	Оқу бағдарламаларын, тәрбие мен оқыту әдістемелерін әзірлеу қабілеттері мен дағдыларын пайдалану.
14	Қ 14.	Ғылыми-әдістемелік қызметті жүзеге асыру тетіктерін

№	Құзыреттер индексі	Құзыреттер атауы
		тәжірибеде қолдану.

Модульдердің (пәндердің) мазмұны

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульде р (пәндер) бойынша кредитте р саны	Модульде р (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзырет тер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
Жалпы білім беру пәндері							
Жалпыға міндетті модульдер (жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер)							
1	ЖММ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	Салауатты өмір салтын қалыптастыруға және дене қасиеттерін жетілдіру негіздері; дене шынықтыру және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздері; ағза мүшелерінің және мүшелер жүйелерінің топографиясы; физиологиялық қызметтердің реттеу негіздері мен кері байланыстың принциптері; ағзада жүретін биоэлектрлік, биомеханикалық және биохимиялық процесстерді; адам ағзасының құрылымдық және функционалды ұйымдасу принциптері; қызметіне байланысты мүшелер құрылымының өзгеруін және жасқа сай ерешеліктері; мүшелер жүйелерінің жалпы сипаттамалары мен морфологиялық зерттеу әдістері.	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салтын ұстану. ОН 1.2. Адам анатомиясы мен физиологиясының негізін меңгеру.	8	192	Қ 1.	Е
2	ЖММ 2. Ақпараттық - коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	Кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану түрлері; білім алушылардың есептей білу, іздеу, жинақтау, өңдеу, ақпараттарды сақтау және тарату функциялары; компьютермен қауіпсіз жұмыс істеу ережелері; білім берудегі платформаларды қолдану механизмдері; қазіргі заманғы ақпараттық және компьютерлік технологияларды дамытудың негізгі бағыттары.	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру. ОН 2.2. Ақпараттық анықтамалық және интерактивті веб-порталдың қызметтерін пайдалану.	3	72	Қ 2.	С
3	ЖММ 3. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік	Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу нормалары; патриотизм мен азаматтықты, ұлттық сана сезімді, парасаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту принциптері; философияның негізгі ұғымдары мен	ОН 3.1. Философия негіздерін меңгеру. ОН 3.2. Құқықтың негізгі салаларын түсіну. ОН 3.3. Саяси-әлеуметтік білімді қалыптастыру. ОН 3.4. Мәдени құндылықтарды тану. ОН 3.5. Қазақстан тарихының жаңа кезеңдерін саралап зерделеу.	8	192	Қ 3.	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
	ғылымдар негіздерін қолдану	заңдылықтары; мәдениет, дін және өркениет қағидалары; қоғамдағы азаматтар мен саясаттың басқа да субъектілерінің өзара қарым-қатынастары жүйесінің жұмыс істеу заңдылықтары; мемлекеттік-құқықтық қатынастар мен құбылыстар жүйесі.					
4	ЖММ 4. Кәсіби қызметте қазіргі заманғы экономикалық жүйенің жұмыс істеуінің негізгі заңдылықтары мен механизмдерін қолдану	Кәсіпкерлік қызмет дағдыларын және қаржылық сауаттылықты игеру негіздері; кәсіпкерлікті дамытудың мақсаттары; кәсіпкерліктің мәні және мазмұны; кәсіпкерлік қызметтің түрлері; кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру және дамыту жолдары; кәсіпкерлік тәуекел, кәсіпкерлік бәсекелестік, бизнес жоспар құру принциптері; кәсіпкерлердің құқығын қорғайтын мемлекеттік органдардың жұмыс функциялары; экономиканың ғылыми-теориялық бағыттары; қазіргі заманғы экономикалық жүйенің заңдылықтары мен тетіктері; нарықтық экономика элементтері.	ОН 4.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді игеру. ОН 4.2. Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың заңнамалық негіздерін меңгеру.	5	120	Қ 4.	С
Базалық және кәсіптік модульдер (жалпы кәсіптік және арнайы пәндер)							
1	КМ 1. Оқу-тәрбие процесін жоспарлау	Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуының психологиялық және физиологиялық ерекшеліктері; экологиялық тәрбие берудің формалары; тәрбиеленушілердің санитарлық-гигиеналық жағдайларын қамтамасыз етуге қойылатын талаптары; дамушы пәндік-кеңістіктік ортаны құру бойынша педагогикалық тәсілдері; мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі; дене тәрбиесі құралдары; туғаннан 7 жасқа дейінгі балалар дамуының жас ерекшеліктері; қимыл-қозғалыс және спорттық ойын элементі бар ойындардың жіктелуі; мектепке дейінгі ұйымдарда дене тәрбиесін ұйымдастыру формалары; әртүрлі жастағы балаларды табиғатпен таныстыру механизмдері; өсімдіктер мен жануарларды таныстыру сипаттамалары; табиғатпен таныстыруды және жер үлескідегі	ОН 1.1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту негіздерін зерттеу. ОН 1.2. Мектепке дейінгі ұйымдарда дене тәрбиесі нысандарын ұйымдастыру. ОН 1.3. Табиғи құбылыстар мен қоршаған ортаны тану, экологиялық білім беруді зерделеу. ОН 1.4. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту әдістерін қолдану. ОН 1.5. Тәрбиеленушілердің жеке күтімін және санитарлық-гигиеналық жағдайларын қамтамасыз ету. ОН 1.6. Ұйымдастырылған іс-әрекетін жоспарлаудың теориялық негіздерін меңгеру. ОН 1.7. Ұйымдастырылған іс-әрекетін өткізуде әдістерді, құралдарды қолдану.	27	648	Қ 5., Қ 6., Қ 7., Қ 8., Қ 9., Қ 10., Қ 11., Қ 13.	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		жұмыстардың ұйымдастырылуы; түрлі жас топтарында балалардың шама, сан, геометриялық пішіндер, кеңістік және уақытты бағдарлау туралы қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру нысандары; ұйымдастырылған іс-әрекетін жоспарлап өткізуде әдістерді, құралдарды қолдану принциптері.					
2	КМ 2. Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту	Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу ортасын ұйымдастыру негіздері; сөздің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеудің жолдары; сөздік қорын дамыту тәсілдері; грамматикалық дағдыларын қалыптастыру түрлері; балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету негіздері; шығармалар арқылы жасөспірімдердің ой-өрісін, сана-сезімін дамыту функциялары; әртүрлі жанрлар арқылы мәнерлеп оқу дағдысы, сөйлеу техникасының ережелері; мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдіс-тәсілдері; мектеп жасына дейінгі балаларды театралды іс-әрекет арқылы әлеуметтендіру құралдары; көркем әдебиетпен таныстыруда театр түрлері; мектепке дейінгі ұйымдарда көркем әдебиетпен таныстырудың жаңа технологиялық элементтері.	ОН 2.1. Мәнерлеп оқудың негіздерін меңгеру. ОН 2.2. Балалардың сөйлеу тілін дамыту ерекшеліктерін зерттеу. ОН 2.3. Көркем шығармаларды әңгімелеуде театралды іс-әрекет түрлерін анықтау. ОН 2.4. Балалар әдебиеті кезеңдерін меңгеру. ОН 2.5. Көркем әдебиетпен таныстырудың түрлерін жоспарлау. ОН 2.6. Мектеп жасына дейінгі балаларды көркем әдебиетпен таныстыру әдістерін қолдану.	25	600	Қ 5., Қ 6., Қ 7., Қ 9., Қ 10.	Е
3	КМ 3. Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту	Балалардың музыкалық іс-әрекеттерінің мазмұны, түрлері; мектепке дейінгі жастағы балалардың музыканы қабылдау ерекшеліктері; музыкалық білім беру мен оқытудың әдістері; мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру жолдары; би өнерінің тарихы, түрлері мен жанрлары; ұлттық және басқа ұлттардың би элементтері; көркем еңбекке баулудың принциптері; түрлі жас топтарында мүсіндеу мен жапсырудың әдіс-тәсілдері; мектепке дейінгі ұйымдарда техникалық еңбек және табиғи материалдармен жұмыс жасау құралдары; графика өнерінің түрлері; дәстүрден тыс сурет салу	ОН 3.1. Тәрбиеленушілердің музыкалық қабілеттерін дамыту. ОН 3.2. Ырғақты би қозғалыс элемент түрлерін қолдану. ОН 3.3. Көркем еңбекке үйретудің әдіс-тәсілдерін қолдану. ОН 3.4. Мектепке дейінгі балаларды сурет салуға бейімдеу тәсілдерін қолдану. ОН 3.5. Жазғы уақытта балалармен ұйымдастырылатын шығармашылық жұмыс түрлерін меңгеру. ОН 3.6. Мектеп жасына дейінгі балалардың жазғы сауықтыру іс-шараларын ұйымдастырып өткізу.	20	480	Қ 5., Қ 6., Қ 7., Қ 9., Қ 10.	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		жолдары; түрлі жас топтарында сурет салуға үйретудің ерекшеліктері; жаз мезгіленде өрттен сақтану, жолда жүру ережелері, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігін сақтау заңдылықтары; жаз мезгілінде атқаратын оқу тәрбие жұмыстарын жоспарлау нормалары; жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларын ұйымдастыру қағидалары.					
4	КМ 4. Тәрбие және білім беру процесін ұйымдастыру	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін нормативтік-құқықтық актілері; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны; педагогикалық әдеп нормалары; балалардың психологиялық даму ерекшеліктері; балалардың танымдық психологиялық қабілеттерін жетілдірудің әдіс-тәсілдері; түрлі жас топтарында ойынды қолданудың психологиялық-педагогикалық негіздері; өзінің кәсіби қызметін құрмет пен жауапкершілік, адалдық пен әділеттілік негізінде орындау қағидалары; ойынды ұйымдастырып өткізу жолдары; педагогтің жеке тұлғасына қойылатын жоғары этикалық талаптары; ата-аналармен жұмыс істеудің тиімді нысандары мен әдістері; мектепке дейінгі ұйымдардың отбасымен ынтымақтасығын нығайтатын сипаттамалары; ата-аналарды бірлескен қызметке тарту бағыттары мен ұйымдастырылатын жұмыс формалары;	ОН 4.1. Мектепке дейінгі оқу-тәрбие негіздерін меңгеру. ОН 4.2. Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуының психологиялық ерекшеліктерін анықтау. ОН 4.3. Ойын әрекетінің зерттеу әдістерін қолдану. ОН 4.4. Педагогикалық әдеп нормаларын орындау. ОН 4.5. Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие жұмыс түрлерін зерделеу. ОН 4.6. Ата-аналармен жұмыс істеудің тиімді нысандары мен әдістерін пайдалану. ОН 4.7. Ата-аналар қоғамымен өзара әрекеттесу.	26	624	Қ 5., Қ 6., Қ 7., Қ 9., Қ 10.	Е
5	КМ 5. Тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізу	Балаларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды диагностикалау тетігі; бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг жүргізу қағидалары; мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық инновациялық технологияларды қолдану ерекшеліктері; түрлі жас тобында сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалармен жұмыс жасау заңдылықтары; мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың даму деңгейін мониторингілеу жұмысының	ОН 5.1. Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке даму ерекшелігіне мониторинг жүргізу. ОН 5.2. Мектепке дейінгі педагогикалық инновациялық технологияларды қолдану. ОН 5.3. Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс түрлерін ұйымдастыру. ОН 5.4. Сөйлеу тілі бұзылған балалармен жүргізілетін логопедиялық әдістерді меңгеру. ОН 5.5. Мониторинг жүргізу үшін цифрлық ресурстарды пайдалану. ОН 5.6. Мониторинг нәтижелерін өңдеу, жүйелі талдау. ОН 5.7. Балалардың мектепалды	21	504	Қ 5., Қ 9., Қ 10., Қ 12.	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		мақсат, міндеттерін анықтау функциялары; мониторинг нәтижелерін өңдеу және жүйелі талдау қағидалары; мониторинг және зерттеу нәтижелері негізінде тәрбие мен оқыту нәтижелерін жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлеу жолдары.	даярлық тобындағы алғашқы күнін зерттеу.				
6	КМ 6. Мектепке дейінгі ұйымдарда ғылыми-әдістемелік қызметті жүзеге асыру	Педагогикалық басқару процесінің мақсаттары мен міндеттері; менеджменттің теориясы мен практикасының дамуы кезеңдері; әдістемелік қызметті жүзеге асыруда басқарудың негізгі қағидалары; білім беру және біліктілік жүйесінің интеграциясы; зерттеу жұмысының ғылыми аппаратының негізгі элементтері; педагогикалық зерттеу логикасы; педагогикалық зерттеудің теориялық, эмпирикалық, эксперименттік әдістері; М. Монтессори технологиясы аймақтарының құралдарын қолдану ережелері; оқулықтар мен оқу құралдарының авторларына қойылатын талаптар; білім беру бағдарламалары мен әдістемелік құралдарды жобалау және әзірлеу негіздері; өзінің үздіксіз кәсіби педагогикалық дамуын жоспарлау; өз тәжірибесін тарату; тәлімгерлерге қойылатын талаптар; педагогикалық өзара әрекеттесудің негізгі тәсілдері.	ОН 6.1. Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық менеджмент іскерлігін меңгеру. ОН 6.2. М. Монтессори технологиясын қолдану. ОН 6.3. Ғылыми-әдістемелік зерттеудің негізгі құрылымын қалыптастыру. ОН 6.4. Авторлық бағдарлама мен әдістемелік құралдарды әзірлеу. ОН 6.5. Тәлімгерлік және кәсіби дамудың басымдықтарын анықтау. ОН 6.6. Педагогикалық озық тәжірибені таратудың алгоритмін қолдану. ОН 6.7. Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық іс-әрекеттің негізгі тәсілдерін қолдану.	29	696	Қ 5., Қ 9., Қ 13., Қ 14.	Е
Аралық аттестаттау				5	120		
Қорытынды аттестаттау				3	72		
Өзіндік жұмыс				45	1080		
Факультативті сабақтар				15	360		
Консультациялар				12	288		

Білім беру бағдарламасын қосуға өтінім

«Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру Тізіліміне орналастыру және сараптама жүргізу үшін мамандағы 01120100 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту(коды, атауы), біліктілік (тер) 5AB01120101 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолданбалы бакалавры (коды, атауы) бойынша білім беру бағдарламасын жібереді.

Осы мамандық бойынша лицензияның болуы: Бар

Басшы: Ахат Нұртас Ахатұлы

Орындаушы: Балдыкова Гульден Турлыбековна

Ұялы телефон: 87056888844

Электрондық пошта мекенжайы: gulden.baldykova@mail.ru kazped@mail.ru